

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ



**«ӘЛЕУМЕТТІК КҮТУШІ» ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ КУРСЫНЫҢ  
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА  
КРАТКОСРОЧНОГО КУРСА «СОЦИАЛЬНАЯ НЯНЯ»**

**Нұр – Сұлтан  
2021**

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы базасында  
әзірленген*

«Әлеуметтік күтуші» қысқа мерзімді курсының білім беру бағдарламасы – Нұр-Сұлтан, 2021- 48 б.

**Пікір жазғандар:**

С. А. Байжанова, п.ғ.к.  
Г.С. Биртаева, меңгеруші  
К. Ж. Байдаулетова, әдіскер

«Әлеуметтік күтуші» қысқа мерзімді курсының білім беру бағдарламасы жас ата-аналар, педагогикалық ЖОО мен колледждердің түлектері, сондай-ақ үй тәрбиешісі ретінде жұмыс істеуге ынтасы бар мүдделі тұлғалар үшін әзірленді.

Аталған бағдарлама ҚР БҒМ «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2021 жылғы 28 сәуірдегі № 4 хаттама)

«Мектепке дейінгі балалық шақ»  
республикалық орталығы, 2021ж.

## ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Бұл мәселенің өзектілігі - елде мектеп жасына дейінгі балалар үшін «әлеуметтік күтуші» маман даярлау институтының болмауы. «Әлеуметтік күтуші» арнайы дайындық курсынан өту кез келген отбасында тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік беретін қажетті білім, біліктер мен дағдыларды меңгеруге көмектеседі.

Әлеуметтік күтуші – ол бала тәрбиесінде білікті көмекке мұқтаж отбасындағы балаларға қысқа мерзімді қамқорлық көрсететін көмекші. Әлеуметтік күтуші педагогикалық көмек көрсете алады, ата-аналарының қандай да бір іспен айналысуы қажет болғанда бірнеше сағат балаларымен отыра алады немесе ата-анасы ауырып қалса, олармен серуенге шыға алады. «Әлеуметтік күтуші» халықтың үйде үй тәрбиешісі қызметін алуға қажеттілігін ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымның штатына енгізілетін болады және осы қызметке сұраныс берген отбасыларға жіберілетін болады.

Мұндай тәсіл балаларды тәрбиелеу ісінде ғана маңызды болып табылмайды, сонымен қатар әйелдерді жұмыспен қамтамасыз етеді, отбасы бюджетінің ұлғаюына және күнкөрістің артуына да ықпал етеді.

**Курстың мақсаты** мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеу мәселелерінде тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.

### **Міндеттері:**

- аз қамтылған, толық емес және көп балалы отбасылардың балаларын дамыту мен тәрбиелеуде отбасыларға практикалық көмек көрсету;

- әлеуметке бейімделмеген балаларды әлеуметтік қызмет көрсетумен қамтуды кеңейту;

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес үй жағдайында педагогикалық процесті жобалауды дамыту;

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға күтім жасау қызметін қоса алғанда, 3 жасқа дейінгі бала күтімі бойынша дағдыларды меңгеру.

«Әлеуметтік күтуші» қысқа мерзімді курсының білім беру бағдарламасы мазмұнын әзірлеу үшін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының (бұдан әрі-Үлгілік бағдарлама) талаптары негіз болып табылады.

Үй тәрбиешілерінің балаларды қысқа мерзімді қарауы ата-аналарға белгілі бір уақыт аралығында қолдау көрсетуге, туындаған мәселелерін шешу үшін мүмкіндік береді (емханаға, дүкенге, дәріханаға бару және т.б.).

Бағдарлама оқу сабақтарының мынадай түрлері мен нысандарын қамтиды: дәрістер, интерактивті презентациялар, бейнесабақтар, тесттер, рөлдік ойындар, топтық пікірталастар (оның ішінде тәжірибемен алмасу), семинарлар, практикалық сабақтар, кейс-технологиялар, жеке даму карталарын құру, үлгілік және неғұрлым күрделі жұмыс жағдаяттарын модельдеу.

### **Тыңдаушылар санаты:**

– көп балалы, аз қамтылған аналар және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған аналар;

– қоғамдық жұмыстармен айналысатын жоғары оқу орындары мен колледждердің жұмыссыз түлектері;

– жұмыс іздеуші ретінде жұмыспен қамту қызметінде тіркелген педагогикалық білімі бар жұмыссыз әйелдер;

– үй жағдайында өзін-өзі жұмыспен қамтыған, тәжірибесі бар әйелдер.

Әлеуметтік күтушінің жұмысы **мақсатты аудиторияға**: көп балалы отбасыларға, аз қамтылған отбасыларға, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарға, толық емес отбасыларға және т. б. арналған.

**Оқыту нысаны:** қашықтан білім беру технологияларын қолданып, онлайн және офлайн түрінде жүргізіледі.

Әлеуметтік күтуші медицина және мектепке дейінгі педагогика саласында теориялық білім мен практикалық дағдыларды, психологиялық дайындықты меңгеруі тиіс; балалармен және олардың ата-аналарымен өзара тіл табыса білуі; екі және одан да көп балалармен қарым-қатынас орната білуі қажет, өйткені бір уақытта бір отбасынан шыққан (ағалы-інілі және апалы-сіңлілерге) балаларға күтім жасауды және қарауды жүзеге асыруы мүмкін.

Педагог пен тәрбиешінің кәсіби құзіреттілігі көрсеткіштерінің бірі өздігінен білім алу қабілеті және өзін-өзі жетілдіруге ұмтылысы болып табылады.

### **Күтілетін нәтиже:**

#### **а) тыңдаушы үшін:**

– мектепке дейінгі білім беру саласындағы нормативтік құқықтық құжаттарды біледі;

– ерте және мектеп жасына дейінгі балаларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеу ерекшеліктерін біледі;

– Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы шеңберінде балаға педагогикалық ықпал етудің практикалық дағдыларын қолданады;

– мектеп жасына дейінгі балаларға күтім жасау және қадағалау бойынша жұмысты жүзеге асырады, әлеуметтік дағдыларды және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыруды меңгерген;

– заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны жобалай біледі;

#### **б) отбасы үшін:**

- әйелдерді жұмыспен қамту артады;

- ата-аналар жүктемелері азаяды;

- көп балалы аналар мен ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарының өмір сүру сапасы артады;

#### **в) білім беру саласы үшін:**

- тыңдаушылардың практикалық дағдыларының кәсіби деңгейі артады;

- мектепке дейінгі ұйыммен өзара ынтымақтастықты ұйымдастыра алады.

#### **г) экономика үшін:**

- қосымша жұмыс орындарымен қамтамасыз етіледі, жұмыссыздық азаяды;

- әйелдерді жұмыспен қамту мүмкіндігі кеңейтіледі, отбасының табысы артады;

- балаларды қарау және күтім жасау бойынша мемлекеттік қызмет есебінен шағын және орта бизнес, коммерциялық емес ұйымдар ынталандырылады.

Бағдарлама мына пәндерді оқытуды қамтиды: мектепке дейінгі педагогика, психология, жас ерекшелік психологиясы, отбасылық педагогика, арнайы педагогика, медициналық білім негіздері, тамақтанудың санитарлық нормалары және т. б.

Аталған бағдарламаны меңгеру тыңдаушыларды қорытынды аттестаттаумен аяқталады. Қорытынды аттестаттау нысаны: сынақ. Оң баға алған тыңдаушыларға мамандығы көрсетіліп, толық курстан өткендігі туралы сертификат беріледі.

«Әлеуметтік күтуші» қысқа мерзімді курсының білім беру бағдарламасын **меңгеру мерзімі** 108 сағатты құрайды, ол жоспар-кестеге сәйкес іске асырылады.

## 2 - тарау «ӘЛЕУМЕТТІК КҮТУШІ» ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ КУРСЫНЫҢ ОҚУ-ТАҚЫРЫШТЫҚ ЖОСПАРЫ

108 сағатқа арналған курстың оқу жоспары

Бөлімдер, модульдер, тақырыптар атауы	Сағат саны	Оқу сабақтарының түрлері				Бақылау сағаттар ының саны	Бақылау нысаны
		Дә ріс те р	Өзін дік жұм ыс	Прак тика лық жұм ыс	Семи нар		
<b>1-Модуль. Мамандыққа кіріспе</b>							
	<b>4 с.</b>	<b>4с.</b>					
«Әлеуметтік күтуші» мамандығының ерекшеліктері»		<b>2</b>					
Тарихқа шолу		<b>2</b>					
<b>2-Модуль. Кәсіби қайта даярлау бағдарламасының нормативтік құқықтық негізі</b>							
	<b>12 с .</b>	<b>8 с.</b>	<b>2 с.</b>	<b>2 с.</b>			сынақ
2.1.БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясы		<b>2</b>					

2.2. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық- педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасын ың Заңы		2	2				
2.3.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты		2					
2.4.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы		2		2			
<b>3 - Модуль. «Әлеуметтік күтуші - ананың көмекшісі»</b>							
	<b>22 с.</b>	<b>10 с.</b>	<b>2 с.</b>	<b>4 с.</b>	<b>4с.</b>	<b>2 с.</b>	<b>Тест</b>
3.1.1 жастан 3 жасқа дейінгі балалардың физикалық және психикалық даму ерекшеліктері		4		2			
3.2. 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың даму ерекшеліктері.		4		2			
3.3.Егіздермен, түрлі жастағы балалармен, аллергиясы бар балалармен және т.б. жұмыс жүргізу ерекшеліктері		2	2				
Тест					4	2	
<b>4-Модуль. Бала психологиясы</b>							

	14 с.	2 с.	4 с.	4 с.	4 с.		реферат
4.1.Қыздар мен ұлдардың даму ерекшеліктері		2					
4.2. Балалардың қыңырлығы, қорқынышы, зиянды әдеттері, оларды еңсерудің практикалық жолдары			2	2			
4.3. Өте белсенді баланың (мазасыздық, ұялшақтық, агрессивтілік және т. б.) ерекшеліктері			2	2			
4.4.Мектеп жасына дейінгі балалардың психикалық процестерінің даму ерекшеліктері (зейін, түйсік, есте сақтау, ойлау)					4		
<b>5-Модуль. Балалардың зияткерлік дамуына арналған ойындар мен сабақтар</b>							
	18 с.	8 с.	2 с.	2 с.	4 с.	2с.	Тест
5.1.Балалардың зияткерлік дамуына арналған ойындар мен сабақтар: сөйлеуді дамыту		2	2				
5.2.Сенсорика, математика негіздері		2					
5.3.Қоршаған ортамен танысу		2		2			
5.4.Ойын түрлері (сюжетті-рөлдік, дидактикалық, театрландырылған және т. б.)		2			4		

Тест						2	.
<b>6 - Модуль. Отбасына бейімделу. Қарым-қатынас жасау шеберлігі</b>							
	18 с.	6 с.	2 с.	8 с.	4 с.	Сынақ	
6.1. Коммуникация баламен қарым-қатынас жасау нысаны		3		4			
6.2. Қарым-қатынас этикасы, ерекшеліктері, ата-аналармен қарым-қатынас жасау ерекшеліктері		3		4			
Сынақ					4		
<b>7- Модуль Балаларға күтім жасау, өзіне-өзі қызмет көрсетуге көмектесу</b>							
	20 с.	8 с.	2 с.	2 с.	4 с.	4 с.	Тест
7.1. Өзіне-өзі қызмет көрсету мектеп жасына дейінгі балалардың дербестігін дамытудың шарты		4			4		
7.2. Балаларға күтім жасау, өзіне-өзі қызмет көрсетуге көмектесу		2	2	2			
7.3. Алғашқы медициналық көмек көрсету тәсілдері (жарақаттар, улану)		2					
Қорытынды аттестаттау						4	Қорытынды тест
<b>Барлық сағат саны</b>	<b>108</b>	<b>44</b>	<b>14</b>	<b>14</b>	<b>24</b>	<b>12</b>	



### **3.- тарау МОДУЛЬДЕРДІҢ МАЗМҰНЫ**

#### **1-Модуль. Мамандыққа кіріспе (4 сағат)**

1.1 «Әлеуметтік күтуші» мамандығының ерекшеліктері, мектеп жасына дейінгі балаларға күтім жасау. Күтушінің функционалдық міндеттерінің қысқаша сипаттамасы. Қысқаша тарихқа шолу.

Балаға күтім жасау - олардың өсуі мен дамуы үшін қажетті жағдай болып табылады. Сондықтан бала туылғаннан кейін оның жөргегін ауыстырып және тамақтандырып қана қоймай, оны дамытумен айналысу керек. Балаға күтім жасаумен және оны дамытумен анасы айналысады, бірақ қажет болған жағдайда оларға арнайы кәсіби мамандар – күтушілер көмекке келеді.

Күтуші-кез-келген жастағы адамдарға арналған мамандық. Жас әйелдер де, егде жастағы әйелдер де жақсы күтуші бола алады.

Күтушілер негізінен мектепке дейінгі ұйымдарда мектеп жасына дейінгі балалармен айналысады. Сонымен қатар, күтушілерге мұқтаждықты көп балалы отбасылардың және ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы тәрбиелеп отырған отбасылардың ата-аналары, баласын мектепке дейінгі ұйымға жіберуге мүмкіндігі жоқ жалғыз басты аналар да сезінеді.

Бұл мамандық балаларды жақсы көретін және оларға күтім жасаудың арнайы дағдыларын меңгерген адамдарға арналған. Күтуші баланың анасының көмекшісі ретінде жұмыс істей алады.

Күтушінің міндеті — ең алдымен, баланың қауіпсіздігін қорғау және ата-анасы болмаған кезде оған қамқорлық көрсету. Күтушінің жеке қасиеттері: балаларға деген сүйіспеншілік, кәсіби жауапкершілік пен адалдық, тазалық, ұқыптылық, әдептілік, сыпайылық, шыдамдылық, сабырлық және т.б.

Баламен және оның отбасымен тез тіл табысу, қолдау көрсету, ұзақ уақыт бойы баланы бір іспен айналыстыру маңызды болып табылады.

Күтуші балаға мейірімділік танытуы керек, ол баланың, ата-аналардың көңілінен шығуға ұмтылуы, өз ісіне жауапты және ұқыпты болуы тиіс.

Күтуші болу үшін міндетті түрде педагогикалық білім қажет емес, күтушінің маңызды қасиеті-мейірімділік, ұқыптылық және адалдық болып табылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, атап айтқанда балаларды ерте дамыту саласындағы мамандандыру маңызды болып табылады.

Күтушінің негізгі міндеті – баланы қарау және күтім жасау. Күтуші бала қыңырлығы, қорқынышы себептерінің алдын алып, баланың мінез-құлқын түзете білуі керек. Ол үнемі қырағылық танытуы қажет, өйткені кіші жастағы балалар жиі құлап, қауіпті жерлерге көтеріледі. Үйде бала үшін көптеген қауіпті орындар және заттар болуы мүмкін, олар: ашық тұрған терезелер, электр розеткалары және т.б.

#### **2-Модуль. Кәсіби қайта даярлау бағдарламасының нормативтік құқықтық негізі (12 сағат):**

- Бала құқықтары туралы конвенция;
- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін регламенттейтін нормативтік құжаттар:

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;
- Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары.

Жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі - ЖАО) халықты жұмыспен қамту орталығымен бірге халықтың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтарына: аз қамтылған, көп балалы, толық емес отбасыларға және ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды қарау бойынша көмек көрсету жөнінде жұмысты жоспарлап отыр.

***Келісім-шарттың мазмұны:***

- баланың гигиеналық нормаларды сақтауын бақылау, баланы тамақтандыру;
- баланы ертіп жүру;
- күн тәртібін сақтау;
- мінез-құлықты түзету, сөйлеуді дамыту;
- кіші жастағы балаларға емдік массаж жасау;
- баланың жасына сәйкес келетін ойындар ойнау;
- балаға қоғамдағы этикет пен мінез-құлық ережелерін үйрету;
- күтпеген жағдайлардың алдын алу: тұрмыстық жарақаттар, аурулар;
- баланың даму күнделігін жүргізу.

Осы салада жұмыс істейтін адамның балаға дауыс көтеруге, оны ата-анасына қарсы қоюға, жұмыс уақытында жеке істерімен айналысуға құқығы жоқ. Күтуші қауіпті заттар, тұрмыстық химия, дәрі-дәрмек әрдайым баланың қолы жетпейтін жерде болуын қадағалауы тиіс.

**3 - Модуль. «Әлеуметтік күтуші - ананың көмекшісі» (22 сағат)**

***3.1. Ерте жастағы балаларды тәрбиелеудің мақсаты мен міндеттері***

Бағдарламаның ғылыми негіздемесі және баланы жүйелі тәрбиелеу мен дамыту әдістемесі. Бір жастан үш жасқа дейінгі баланың дамуы. Ерте жастағы балаларды тәрбиелеу мен дамыту міндеттері.

***Ерте жастағы балалардың күн тәртібі***

Күн тәртібін сақтау – дені сау баланы дамыту үшін маңызды фактор болып табылады. Күтуші әрдайым барлығын уақытында жасауы керек. Кешікпеуі және уақтылы жұмыс орнында болуы тиіс.

«Күн тәртібі» ұғымы. Күн тәртібінің физиологиялық-гигиеналық және педагогикалық негіздері. Күн тәртібінің балалардың денсаулығы үшін маңызы.

Ерте жастағы балалар үшін күн тәртібін құру принциптері. Күн тәртібінің түрлері. Өмірінің алғашқы және екінші жылындағы балалар үшін күн тәртібінің ерекшеліктері. Күн тәртібін ұйымдастыру кезінде балалардың денсаулығы мен дамуының жеке ерекшеліктерін есепке алу. Күн тәртібін дұрыс орындау көрсеткіштері. Науқас баланың күн тәртібі.

Ұйқы мен сергектің сипаттамасы. Балаларды ұйқыға жатқызу тәртібін қалыптастыру. Ұйқы гигиенасы. Ерте жастағы балалар әрекеттерінің гигиенасы. Мектепке дейінгі ұйымдағы күн тәртібі. Ерте жастағы балалармен күн тәртібінің сәттерін ұйымдастыру. Хронометраж. Ерте жастағы балаларды оқыту. Ерте жастағы балаларды тәрбиелеу бойынша психологиялық-педагогикалық ұсынымдар.

### Ерте жас топтарындағы күн тәртібі

Күн тәртібіні компоненттері	Өткізілу уақыты
Балалардың келуі, дербес әрекет, ойындар	7.00 - 8.00
<b>Таңертеңгі гимнастика</b>	7.50-8.00
Таңғы асқа дайындық, таңғы ас, күн тәртібі сәттерінің барысындағы білім беру қызметі	8.00 - 8.30
Дербес әрекет, ойындар	8.50 - 9.00
<b>Сабақтар</b>	9.00 - 9.10 9.20 - 9.30
Ойындар, екінші таңғы ас, серуендеуге дайындық серуен, режимдік сәттер барысында білім беру қызметі	10.00-10.15
Серуеннен оралу, түскі асқа дайындық, түскі ас, режимдік сәттер де білім беру қызметі	11.15-11.40
Ұйқыға жатуға дайындық, күндізгі ұйқы	12.15-15.30 12.15-15.10
Балаларды біртіндеп ұйқыдан тұрғызу, ауа процедуралары	15.00-15.10
Бесін асқа дайындық, бесін ас	15.30 – 15.50
<b>Бірлескен білім беру қызметі</b>	15.30 – 16.00
<b>Кешкі ас</b>	16.15-17.45
Серуенге дайындық, серуен	17.00 - 19.00

### *3.2 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды дамытудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері.*

Мектеп жасына дейінгі балаларға жалпы сипаттама. 4-5, 5-6 жастағы баланың танымдық және тұлғалық дамуы. 4, 5 жастағы балаларға арналған ойындар мен ойыншықтар. Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері. Жетекші қажеттілік: қарым-қатынас қажеттілігі, шығармашылық белсенділік. Жетекші әрекет: сюжетті-рөлдік ойын. Жетекші

функция: қиял. Жас ерекшеліктері: барлық психикалық процестер элементтерінің көрінуі; ересектермен жағдайлық-жеке қарым-қатынас.

Барлық әрекеттегі шығармашылық белсенділіктің көрінісі. Даму, қиял.

Күтушінің мақсаттары мен міндеттері: баланың шығармашылық әлеуетін дамыту, бастамашылдық пен ойлауда дербестік таныту үшін жағдай жасау және қолдау; ынтымақтастық элементтерін дамыту мақсатында бірлескен әрекеттерді ұйымдастыру.

### **3.3. Егіздермен, түрлі жастағы балалармен, аллергиясы бар балалармен және т. б. жұмыс жүргізу ерекшеліктері**

Егіздердің өмірі екі баланың бірдей физикалық және психикалық дамудың бір сатысында болуымен ерекшеленеді, олар үнемі бір-бірімен байланыста болады, өмірлік тәжірибелері ұқсас. Мұндай жұп, ең алдымен, бірегей әлеуметтік жағдай болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі егіз балалар сөйлеуінің дамуы бойынша өздерінің құрдастарынан артта қалады. Бұл олардың бұдан әрі жалпы зияткерлік дамуында артта қалуына әкелуі мүмкін. Ата-аналар егіздерді тым ерте бір-бірімен қарым-қатынас жасаудағы толыққанды серіктестер деп есептейді де, оларға көбірек көңіл бөлмейді. Бір жарым жастағы балалар бір-біріне не үйрете алады? Ересекпен қарым-қатынас жасау арқылы ғана бала қоршаған ортаны таниды. Егіздер бір-бірімен ым-ишара және қарым-қатынастың вербалды емес құралдары басым болатын тек екеуіне түсінікті тілде сөйлеседі. Көбінесе олардың сөздерін ата-аналары да түсінбейді.

Егіздер осылайша бір-бірімен көп сөйлесетін болса, олар бір-біріне бауыр басып, басқалардан оқшауланады. Кейінірек, жасөспірім кезеңде осындай шамадан тыс сәйкестікке қарсы наразылық егіздердің арасындағы қақтығыстық қарым-қатынасқа әкелуі мүмкін.

Сөйлеудің дамуының кешеуілдеуі әлеуметтік қарым-қатынастың жетіспеушілігімен, құрдастарымен және тәрбиешілермен, ал мектепте мұғалімдермен қарым – қатынас жасауда кездесетін қиындықтармен байланысты болуы мүмкін. Сонымен қатар, егіздердің жеке дамуында мәселелер туындауы мүмкін. Оларға өзін бауырынан ажырату қиындық тудырады. Егіздер бір-біріне өзінің бір бөлігі ретінде қарайды. Біреуінде дамыған кейбір жеке қасиеттер екіншісінде жеткілікті деңгейде дамымайды.

Бұл жағдайда егіздер өздерінің кемшіліктерін сезбейді. Мұндай жұптардың ұқсастығына назар аударатын отырып, олардың айналасындағы адамдар олардың бойында психологиялық сәйкестілікті қалыптастырады.

Егіздер жағдайдың өзгеруіне, ұжымға әрең үйренеді. Олар ағасымен (немесе әпкесімен) қарым – қатынас жасағанына риза болады және басқа балалармен жақындасуға ұмтылмайды, кейде қарым-қатынас жасауға белсенді түрде қарсылық танытады.

**Балаларда аллергия** болуының негізгі себебі-тұқым қуалаушылық. Бірақ қазіргі өмірдің ерекшеліктері балалар аллергиясының дамуына да әсер етті: жүктілік кезінде әйелдің әртүрлі дәрі - дәрмектерді, әсіресе антибиотиктерді қолдануы; бояғыштар мен түрлі химиялық қоспалары бар тағамдарды көп

пайдалану; қолайсыз экология - осының барлығы және тағы басқа жағдайлар нәрестеде осы аурудың дамуына тікелей ықпал етеді.

Аллергиялық патологиясы бар балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған оңалту іс-шаралары жүйесінде сауықтыру аспектісі ерекше құнды болып табылады, мұнда гипоаллергенді өмір мен гипоаллергенді тамақтануды ұйымдастыруға, арнайы дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларына және шынықтыруға: ауа ванналарына және қарама-қарсы температурада сумен шайынуға баса назар аударылады. Осы әдістер дененің жылуды қалыпты реттелу жүйесін дамытуға және жетілдіруге ықпал етеді. Балаларға сабақтарда және серуенде қимылдарын шектемейтін, ыңғайлы киім киіп, таза ауада орындалатын циклдік жаттығулар ұсынылады.

Иммундық жүйені нығайту әдістерінің бірі-емдік серуендеу болып табылады. Ол бала ағзасының функционалдық мүмкіндігін арттырады, ырғақты тыныс алуын дамытады, қалыпты циклдік жұмыс жүрек-қан тамыр жүйесінің мүмкіндіктерін арттырады, органдар мен тіндерді оттегімен байытады, төзімділікті жетілдіреді.

#### **4 - Модуль. Бала психологиясы (14 сағат)**

Тәрбие әдістері мен құралдары. Ер балалар мен қыздардың даму ерекшеліктері. Балалардың қыңырлығы, қорқынышы, зиянды әдеттері. Гиперактивті, мазасыз, ұялшақ, агрессивті баламен «әлеуметтік бала күтушінің» мінез-құлқы. Түзету және алдын алу әдістері.

**4.1.**Педагог балалардың нақты жағдайларын, ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, педагогикалық процестің әдістері, нысандары, құралдары, жүйесі арқылы тәрбиеленушілермен өзара іс-қимылды ұйымдастырады. Педагог қолданатын нысандар, әдістер мен құралдар педагогикалық, этикалық және адамгершілік тұрғыдан орынды, сондай-ақ өзара әрекеттің нақты жағдайына сәйкес болуы тиіс.

#### **Қыз балалар мен ер балалардың ерекшеліктері**

Мектепке дейінгі жас-баланың жеке басының дамуындағы маңызды кезең. Зерттеушілер ер балалар мен қыз балалар арасындағы алғашқы айырмашылықтар эмбриональды кезеңде пайда болатындығын анықтады: жыныстық гормондардың әсерінен жыныстың анатомиялық ерекшеліктеріндегі айырмашылықтар және мидың дамуының кейбір белгілері пайда болады

Қыз балалардың салмағы, бойы, кеуде шеңбері, күнделікті энергия шығыны аз болады (Э. К. Акрюлис, Е. Н. Вавилова, Б. Т. Данован және т. б.). Бір айдан кейін олардың жалпы физикалық және психикалық дамуы қарқынды бола бастайды, бұдан кейін олар ертерек жүре және сөйлей бастайды. Ер балалар қыздарға қарағанда ірі болып туылады және дене ұзындығы 4 жасқа дейін сақталады. 4 аптадан кейін қыздар жалпы дамуында ер балалардан озып

кете бастайды. Ер балалар 2-3 айдан кейін жүре бастайды, 4-6 айдан кейін сөйлей бастайды.

Ойын мінез-құлқындағы алғашқы айырмашылықтар шамамен 13 айда байқалады. Қыз балалар ананың қолынан құлықсыз кетеді, анасына жиі қайтып келеді, анасымен көбірек уақыт өткізгенді қалайды және пассивті ойындарға тартылады. Ер балалар белсенді болады. Олардың даусы анық, агрессивті. Ер балалардың 8 жасқа дейін есту қабілеті қыздарға қарағанда жоғары болады. Бірақ қыз балалар дыбысты сезгіш келеді. Олар қалыпты музыкамен, ал ер балалар ырғақты дыбыстармен тынышталады. Үш жастан бастап ер балалармен мен қыз балаларда айырмашылықтар көбірек байқалады.

Ер балалар ойындары көбінесе алыстан көру қабілетіне сүйенеді: олар бір-бірінің артынан жүгіреді, заттарды нысанаға лақтырады және т.б. олардың толық психикалық дамуына қыз балаларға қарағанда көбірек назар аударылуы қажет. Егер кеңістік көлденең жазықтықта аз болса, онда олар вертикалды игереді: баспалдаққа, шкафаға көтеріледі. Қыз балалардың ойындары көбінесе жақынан көру қабілетіне байланысты: олар өздерінің «байлығын» – қуыршақтарды алдына қояды.

**4.2 Баланың зиянды әдеттері.** Балаға жағымсыз эмоциялармен, қорқыныш, алаңдаушылық, өз-өзіне күмәндану және қанағаттанбауды жеңуге көмектесетін үнемі қайталанатын бейсаналық әрекеттер әдеттерге айналады. Сондықтан баланың өзі айта алмайтын зиянды әдеттерге назар аудару керек. Егер ерекше алаңдаушылық туындаған кезде ол зиянды әдеттерге айналатын белгілі бір әрекеттерден еріксіз қорғаныс пен жұбатуды іздесе, онда сіз негізгі себепке қарсы тұрудың түзету әдістері туралы ойлануыңыз керек.

Әдеттер қалай пайда болады?

Балалардың барлық зиянды әдеттерінің ортақ түп тамыры – ол ата-аналардың балаға назар аудармауы болып табылады.

Бұл жағдайда ата-аналардың басты міндеті – баласының зиянды әдеттерімен күресу емес, олардың пайда болуының негізгі себебін түсіну мен осы факторларды жою болып табылады.

Кез-келген әдет-бұл баланың бойында тұрақты қажеттілікке айналған бейімділік. Бұл бір сәтте болмайды, біртіндеп және ұзақ уақыт бойы өтеді.

Осындай мінез-құлықтың негізгі себептері:

- баланың физиологиялық және психологиялық мәселелері;
- кез-келген әдіспен өзіне назар аудартқысы келеді;
- жалыққанда құтылу тәсілі немесе тынышталу тәсілі;
- өз құрдастарына немесе ересектерге еліктеу.

Балаларда ең көп таралған зиянды әдеттер:

- агрессивті болу;
- өтірік айту (құрдастар мен ересектерді алдау);
- қыңқылдау (кез-келген себеппен жиі қыңырлық таныту);
- жамандау;
- балағаттау (нормативтік емес лексика).

Физиологиялық әдеттер

- тырнақтарын тістеу;
- шашты жұлу, құлақты ұстау, мұрынды тарту;
- саусақтарды жалау;
- қарындаш, қалам тістеу;
- мұрынды шұқу;
- аузына бөгде заттарды салу;
- мастурбация;
- теледидар мен компьютерге тәуелді болу деп есептеуге болады.

Балалардың зиянды әдеттерінен арылудағы ата-аналардың қателіктері-жазалау әдістерін қолдану немесе елемеу. Баланы зиянды әдеттің көрінісі үшін жазалау оны зиянды әдеттен құтқарып қана қоймайды, тіпті жағдайды қиындатады, себебі баланың зиянды әдеттерін болдырмау үшін жазалау баланың психологиясына қосымша жарақат түсіреді. Зиянды әдеттің әсерінен осы кезде баланы жұбату және тыныштандыру қажет болады. Осылайша, ата-аналардың баланы зиянды әдеттен арылтуға тырысуы оны қиындатады. Балалардың зиянды әдеттеріне (саусақтарына бұрыш жағу) жазалау әдістеріне жүгінуге қатаң тыйым салынады. Бұл қосымша психологиялық жарақаттан басқа ештеңе әкелмейді. Мәселені елемеу баланың зиянды әдеттерін білмеуге алып келді.

#### Балаға зиян әдеттерден арылуға қалай көмектесуге болады

Мектепке дейінгі жаста ата-аналар ертегі терапиясының әдістерін қолдана алады. Бұл әңгімелеу мен ертегілер, оқиғаларды құрастыру. Ересек жастағы балалармен өмірден мысалдар келтіруге, сөйлесуге, жағдайдан өз бетінше шығуға үйретуге болады.

Зиянды әдеттерден арылудың кейбір жолдары:

«саусақты сору» әдеті. Кішкентай балаға ағайынды-саусақтар туралы ертегі ойлап табуға немесе барлығына белгілі «Менің отбасым» саусақ гимнастикасын қолдануға болады. Саусаққа адам бет бейнесін салып, бояп (жандандыру) және саусақты ауызға салғанда «сұқ» саусақтың қалай ауыратынын түсіндіру.

Қыз балаларға әйел адамдардың қолына күтім жасау және әдемілік туралы айтуға болады. Сондай-ақ, балаларға арналған арнайы жапсырмалар (лейкопластырь) бар, оларды қажетті саусаққа жабыстыруға болады. Егер бала саусағын сорып алса оған ұрыспау қажет, ұрысу зиянды әдеттен арылтпайды, керсінше жасырын жасауға үйренеді. Балаңызға көбірек көңіл бөлуге тырысыңыз, қызықты іс-шаралар мен ойындармен алаңдатыңыз

«тырнақтарды, қарындаштарды тістеу» әдеті. Көптеген сарапшылар баланың жүйкесінде мазасыздық болған кезде тырнақтарын тістейді деп санайды. Кейде бұл ішкі алаңдаушылықты баланың өзі түсінбейді және ата-анасы себебін анықтай алмайды. Жазалау және «тырнақтарыңды тістеме» деп үнемі айқайлау мұнда көмектесе алмайды. Өмірден мысалдар келтіріп, тырнақтардың астында өмір сүретін микробтар туралы әңгімелер ойлап тауып, мысал ретінде оларды микроскоппен көрсетуге болады.

«мұрынды шұқу» әдеті. Бұл зиянды әдет. Балалар мұрындарын шұқу кезінде мұрындарынан ұсақ түктерді жұлып тастайды, олар деммен жұтылған ауаның шаңы мен кірінен қорғайтын табиғи сүзгілер ретінде қызмет етеді. Баланың мұрынды шұқу себебі шырышты қабықтың құрғауы, бұл балада қатты тітіркену мен қышу туғызады. Бөлмені ылғалдандырса балада бұл әдет жойылып кетеді.

«қыңқылдау» әдеті. Үш жасқа дейінгі балаларға «қыңқылдау» сөзі мүлдем түсініксіз болады. Олар өз әрекеттерінің салдарын әлі түсінбейді. Ересек жастағы балалар өздерінің сөздеріне қандай реакция болатынын жақсы біледі. Балаға «Жидектер елінің құпиялары» мультфильмін көрсетіңіз. Біреудің қиындыққа тап болғаны туралы айтыңыз - бұл жауапты әрекет. Балалар ересектерге біреудің жарақат алғаны, біреуге қауіп төніп тұрғаны туралы айтуы керек.

«басқа адамдардың заттарын алу (ұрлық)» әдеті. Ұрлық әрқашан да тек әдет емес. Кішкентай балалар заттардың бөтен болатынын білмеуі мүмкін. Бұл жағдайда ұрлық туралы ертегілерді айту маңызды: «Аленаның гүлі», «Қаздар бұршақты қалай ұрлады». «Бауырсақтар тергеу жүргізеді» мультфильмін көріңіз. Ертегілерді оқып, мультфильмдерді көргеннен кейін, өз әсерлеріңізбен бөлісіп, көргендеріңізді немесе оқығандарыңызды талқылаңыз.

«теледидарға, компьютерге тәуелді болу» әдеті. Компьютерлер мен теледидарларға бірнеше сағат отыратын балалардың көру қабілеті нашарлайды, омыртқаның қисықтығы пайда болады. Мұндай балаларда жиі бас ауруы, шаршау жиі кездеседі. Жағдайдан шығу жолы - баланы пайдалы ойындар мен әрекеттермен алаңдату. Көбінесе таза ауада серуендеу пайдалы. Ересектер әрқашан теледидар мен компьютерде отыруды ұнатады, ал балалар ересектердің әдеттерін қайталайды. Ең бастысы, ересектер балаға қарсы емес, әдетке қарсы күрес жүргізу керек екендігін білуі тиіс.

Баланың ашуын туғызатын факторлардан біртіндеп құтыла отырып, зиянды әдет байқалғанда баланың назарын қызықты және пайдалы нәрсеге аударыңыз. Ересектер шыдамды және мұқият болуы керек, балалық шақта түзетілген әдеттер – баланың табысты болашағы.

Психологтар баланы күніне бірнеше рет құшақтауды ұсынады. Балаға мейірімділік белгісін таныту, өсіп келе жатқан ағзаға азық ретінде қажет. Олар оны эмоционалды түрде азықтандырады, психологиялық дамуға көмектеседі.

Ережелер (шектеулер, талаптар, тыйым салу) әркімнің өмірінде болуы тиіс. Ересектердің талап етуі немесе тыйым салуы достық, түсіндіру, ықпал ететіндей сипатта болуы қажет.

#### **4.3. Гиперактивті, мазасыз, ұялшақ, агрессивті баламен «әлеуметтік бала күтушінің» мінез-құлқы.**

Ата-аналардың қандай да бір шешім қабылдау кезіндегі сенімсіздігі мен өзгере беруі баланың ашуы мен қыңырлануын туғызып сол арқылы бала әрі қарай оқиға барысына әсер етуі және өз мақсатына жетуі мүмкін.

Агрессияның барлық түрлері ерте балалық шақтан байқалуы мүмкін. Баланың агрессивті мінез-құлқының қалыптасуына көптеген факторлар әсер



етеді, мысалы, мидың кейбір соматикалық аурулары, сондай-ақ әртүрлі әлеуметтік факторлар. Қазіргі уақытта кино мен теледидар экрандарында көрсетілген зорлық-зомбылық көріністері көрермендердің агрессивтілік деңгейінің жоғарылауына ықпал ететіндігін растайтын фактілер көптеген ғылыми зерттеулерде жазылған. Сондай-ақ, балалардың агрессиясының көріністері мен отбасындағы тәрбие арасында тікелей байланыс бар.

Сонымен қатар психологтар егер бала агрессивтіліктің кез-келген көрінісі үшін қатаң жазаланса, онда ол ата-анасынан ашуын жасыруды үйренеді, бірақ бұл кез-келген басқа жағдайда агрессияны басуға кепілдік бермейді. Ересектердің баланың агрессивтілігіне немқұрайлы қарауы оның агрессивті тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына әкеледі. Балалар ересектердің назарын өзіне аудару үшін агрессия мен тыңдамауды жиі қолданады.

Агрессияның жағымсыз көріністерін жою үшін, алдын-алу шарасы ретінде психологтар ата-аналарға балаларына көбірек көңіл бөлуге, олармен мейірімді қарым-қатынас орнатуға ұмтылуға және ұлының немесе қызының дамуының белгілі бір кезеңдерінде табандылық пен шешімділік көрсетуге кеңес береді.

**Гиперактивтілік.** Көптеген сарапшылар гиперактивтіліктің сыртқы көріністеріне зейін аудармау, импульсивтілік, қимыл белсенділігін жатқызады. Балада гиперактивтіліктің пайда болу себептерінің арасында генетикалық факторлар, туған кезде жарақат алуы (жағдайлардың 85%), баланың жұқпалы аурулармен ауруы болуы мүмкін. Жасөспірім кезінде қимыл белсенділігінің арттуы жоғалады, ал импульсивтілік пен зейін аудармау жетіспеушілігі қалады.

Гиперактивті баланы анықтағаннан кейін педагог немесе ата-ана невропатологке барып тиісті медициналық тексеруден өтуі керек. Гиперактивті балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олармен кешке емес, күннің басында жұмыс істеген орынды, олардың жұмыс жүктемесін азайтып, жұмыста үзіліс жасаған жөн.

Ересектер мұндай баланың нұсқаулары нақты және қысқа болуы керек екенін есте ұстауы қажет (10 сөзден аспайды). Оларды жиі көтермелеу керек, баланы қайтадан қозғап жібермеу үшін тек оны эмоционалды түрде жасамаңыз.

Қарым-қатынас мейірімді және қалыпты болуы керек, өйткені бұл балалар айқайға өте сезімтал, олар сіздің көңіл-күйіңізге оңай қосыла алады. Бұл балалар тез шаршайды, сондықтан ересектер адамдар көп жиналатын жерлерде болуды шектеп, бірден үйге көптеген қонақтарды шақырмауға тырысуы керек. Үйде күн тәртібін нақты сақтау гиперактивті баланы тәрбиелеудің маңызды шарттарының бірі болып табылады.

Балаларға өзін-өзі бағалауды арттыруға көмектесу үшін олардың әрекеттері мен қылықтарына оң баға беру керек. Ең алдымен, баланы мүмкіндігінше атымен жиі атау керек және оны басқа балалар мен ересектердің қатысуымен мадақтау керек.

Бақылаулар көрсеткендей, мазасыз балалардың эмоционалды күйі көбінесе бет пен мойын аймағындағы бұлшықетерден көрінеді. Массаж элементтерін

қолдану және тіпті денені қарапайым ысқылау бұлшықет қысымын жеңілдетуге ықпал етеді.

Ұйықтар алдында серуендеу пайдалы, серуен барысында ата-аналар баламен ашық, оңаша сөйлесуге, оның проблемалары туралы білуге мүмкіндік алады. Таза ауа мен асықпай жасалған қадам баланың тынышталуына көмектеседі.

**Мазасыздық** - бұл жеке психикалық қасиет, ол өмірдің әртүрлі жағдайларында мазасыздықты сезінудің көтеріңкі бейімділігінен құралады. Мазасыздық жағдаяттық және жалпы болады. «Мазасыздық» және «дабыл» ұғымдарын жиі шатыстырады. Дабыл - бұл мазасыздық пен толқудың эпизодтық көрінісі. Бірлі жарымды, яғни дабылдың жиі кездесетін көріністері «мазасыздық» деп аталатын тұрақты күйге айналуы мүмкін.

Мазасыздық көптеген эмоциялардан тұрады, олардың бірі қорқыныш болып табылады. Қорқыныш сезімін кез-келген жастағы адамдар сезінеді, бірақ көптеген мамандар зерттеген және нақты сипаттаған «жас кезеңдеріндегі қорқынышы» әр жасқа тән.

Балада қорқыныштың болуы-бұл қалыпты жағдай болып табылады, егер қорқыныш көп болса, онда баланың мазасыздығы мен мінезі туралы айту керек. Балалардағы мазасыздық деңгейінің көтеріңкі болуының басты себептерінің бірі - бұл ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастың бұзылуы (ата-аналардың өз жұмысына, материалдық жағдайына және өмір сүру жағдайына қанағаттанбауы балалардағы мазасыздықтың пайда болуына айтарлықтай әсер етеді) болып табылады.

Көбінесе мазасыздық бала ішкі қақтығыс жағдайында болған кезде дамиды. Оның себептері:

1) балаға қойылатын, оны кемсітетін немесе тәуелді жағдайға қоятын теріс талаптар;

2) жеткіліксіз, көбінесе жоғары талаптар;

3) талаптарға қарама-қайшы болуы мүмкін.

Мазасыз балалар өзін жиі төмен бағалайды, бұл өзін айыптауда, өз атына сынды ауыр қабылдауында көрінеді. Мұндай балалар, әдетте, ересектер мен құрдастарының ықпалына жиі ұшырайды.

**4.4. Гиперактивті, мазасыз, ұялиақ, агрессивті баламен «әлеуметтік бала күтушінің» мінез-құлқы**

Мамандар ашуды басудың бірнеше тәсілдерін ұсынады:

«айқайға арналған стакан» пайдалана отырып, өздерінің теріс эмоцияларын басады;

сабын көпіршіктерін жіберу;

бокс алмұртымен «күрес» ұйымдастыру;

бірнеше парақты жыртып, содан кейін оларды тастаңыз;

қолдың жылдам қимылымен жәбір көрсетушінің суретін салып, содан кейін оған айқайлаңыз;

пластилиннен жәбір көрсетушінің фигурасын жасап және оны бұзу және т.б.

Баланы оның қыңырлығынан алдын-алу шаралары:

күтпеген сұрақ қойыңыз;

балаға күтпеген түрде жауап беріңіз (әзіл, баланың әрекетін қайталаңыз);

баланың әрекетіне қатаң түрде тыйым салмау;

бұйрық беру емес, сұрау ( жәй қарқынды);

баланың айтқысы келетін нәрсені тыңдаңыз (әйтпесе ол сізді естімейді);

автоматты түрде, өз өтінішіңізді сол сөздермен бірнеше рет қайталау (бейтарап дауыспен);

бала қыңыр бола бастаған кезде суретке түсіріңіз немесе баланы айнаға апарыңыз;

бөлмеде өзін қалдырыңыз (егер оның денсаулығы үшін қауіпсіз болса).

баладан қандай жағдай болмасын кешірім сұрауын талап етпеу;

өсиет оқымаңыз (бала бәрібір оларды әлі тыңдамайды).

**5- Модуль. Балалардың зияткерлік және дене бітімінің дамуына арналған ойындар мен сабақтар (18 сағат)**

Балалардың зияткерлік дамуына арналған ойындар мен сабақтар: сөйлеуді дамыту. Сенсорика, математика негіздері. Қоршаған ортамен танысу. Шығармашылық қызмет.

*Сөйлеуді дамыту* ауызекі сөйлеуді қалыптастыру, өмірдегі түрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын игеруді қамтиды

Баланың сөйлеуін дамыту үшін бала күтушіге ұсынылады:

қарапайым халық ертегілерін, халық ауыз әдебиетінің күрделі емес шығармаларын, өлеңдер оқу;

баланы ертегілер мен өлеңдерден жеке сөздер мен сөз тіркестерін қайталауға, дыбыстармен, сөздермен, рифмалармен ойнаудан қуанышты сезінуге ынталандырады;

ертегілер мен өлеңдер сюжеттің дамуын бақылауға үйретеді; өз әсерлерін белсенді түрде білдіруге, шығарманың мазмұны туралы сұрақтарға жауап беруге үйретеді.

кітаптарды өз бетінше қарауға, әдеби шығармалардың кейіпкерлерін тануға шақырады.

Ақыл-ой кемістігі бар балаларды (ақыл-есі кемістігінің жеңіл және баяу дәрежесі) тәрбиелеу мен оқыту қатысымның вербалді және вербалді емес дағдыларын қалыптастыруды, тілдік ортаны құруды, сөйлеу белсенділігін, қоршаған ортаға қызығушылықты, коммуникативті әрекеттің түрлі формаларына қатысуға қабілеттілікті қамтиды.

*Сенсорика, математика негіздері* санау дағдыларын, геометриялық пішіндер туралы түсініктерді қалыптастыруды, кеңістікті және уақытты бағдарлауды қамтиды

Ақыл-ой кемістігі бар балаларды (ақыл-есі кемістігінің жеңіл және баяу дәрежесі) тәрбиелеу мен оқыту көпсенсорлы қабылдау мен кеңістікті бағдарлау дағдыларын қалыптастыруға, сенсорлық ақпараттарды саралауға, сезімдік тәжірибені жинақтауға, заттық қимылдарды игеру және ойлау процестерін

белсендіруге, қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыруға бағытталған.

**Шығармашылық қызмет** келесідей міндеттерді: шығармашыл тұлғаны, шығармашылық қабілеттерді, сезімдік-эмоционалдық саланы, қиялды, ойлауды, көркем талғамды қалыптастыру, ұлттық бейнелеу өнеріне баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеуді қамтиды.

«Шығармашылық» білім беру саласы: сурет салуды, мүсіндеуді, жапсыруды, музыканы қамтиды.

Ақыл-ой кемістігі бар балаларды (ақыл-есі кемістігінің жеңіл және баяу дәрежесі) тәрбиелеу мен оқыту шығармашылық әрекет процесінде шынайы әлемнің бейнелерін қалыптастыруды, заттық ұғымдарды айқындауды, нақтылауды және жалпылауды қамтиды.

### ***Дене бітімінің дамуы***

Ата-аналардың балаларға ерте жастан күтім жасауы мен оларды дамыту дағдыларына ие болуына ықпал етуді, баланың негізгі қимыл түрлерін игеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдыларды, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамытуды қамтиды.

Жұмыс мазмұны баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға; тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Ақыл-ой кемістігі бар балаларды (ақыл-есі кемістігінің жеңіл және баяу дәрежесі) тәрбиелеу мен оқыту жалпы қимылдық біліктерді, жүру мен жүгіру дағдыларын, қимылдарды үйлестіруді, гигиеналық және дене шынықтыру құралдарын қолданудың қарапайым дағдыларын қалыптастыруды, ойындарға қатысуға қалауы мен эмоционалдық жауап беруді, нұсқау бойынша қимылдарды орындауға баулуды қарастырады.

## **6 - Модуль Отбасына бейімделу. Қарым-қатынас шеберлігі (18 сағат)**

### **6.1. Баламен қалай қарым-қатынас жасауға болады.**

Күтуші мен баланың қарым-қатынасы әр жағдайда бөлек құрылады. Күтуші ата-анадан баланың мінезі туралы, ол нені жақсы көретіні, қандай кітаптар оқитыны, сүйікті тағамдары және т. б. туралы алдын-ала сұраған жөн. Ол неден ренжиді, неден қуанады. Кейбір балалар құшақтағанды жақсы көреді, ал басқалары ұнатпайды. Бұл өте маңызды сәт. Бала есеюді армандаған кезде оны үнемі қысымда ұстау ынғайсыздық туғызады.

Қай кезде қасында жүруге болатынын, қашан болмайтынын келісу қажет. Жақсы әсер алу үшін оны артық тамақтандырмау, оған күніне қанша тәттілер беруге болатынын білу керек.

Танысқан бойда жақсы байланыс күтпеу. Бұл сенімді қарым-қатынас үшін тым ерте. Баланы мұқият қарау үркітуі мүмкін. Баланың ешқандай мазасын алмау керек.

Ең маңыздысы сенім болып табылады. Көп мәселе ата-ананың күтушіге деген қарым-қатынасына байланысты, өйткені бала айналасында не болып

жатқанын мұқият қабылдайды. Егер ата-ана күтушіге сенімсіздік пен түсінбеушілік білдірсе, бұны балада сезінуі мүмкін.

Егер бала төзімсіздік көрсетсе, онда бала күтушінің кәсіби тәсілі, оны тыныштандыруға көмектеседі, ал ерте ме, кеш пе ол баланың назарын өзіне аудартады және сеніміне ие болады.

Кейде күтуші мен баланың проблемалық қарым-қатынасы бір қарапайым себептен баланың ата-анасының қамқорлығының жеткіліксіз болуынан туындайды және ол еркелік жасай отырып және ең бағынбайтын мінез-құлықты қолдана отырып одан құтылуға тырысады.

Егер анасы жанында болса, бала сенім мен сезімталдықты көрсете бастайды. Сондықтан кенеттен «бөтен» тәте пайда болған кезде балаға қиын болады. Ол үшін бұл стресс, психологиялық жарақат.

Балаға оны тастап кетті деген ой келеді. Ол бәріне сенімсіздік танытады және қорғансыз бола бастайды. Мұндай бала психологиясындағы бұзылушылықтар кейін кек алуға, ашулануға, агрессияға және тіпті ата-аналарына әсер етуге алып келеді.

**6.2. Ата-аналармен қалай тез және тиімді ортақ тіл табысу мен түсіністік табуға болады.**

Бүгінгі таңда күтушінің жұмысы күтушілерге күшейтілген талаптар қояды. Жұмыстың табыстылығы көбінесе оның баламен ғана емес, ата-анасымен де ортақ тіл таба алатындығына байланысты.

Сондықтан, қарым - қатынас дағдылары мен коммуникабелдік – бала күтушінің жұмысының ажырамас бөлігі. Қарапайымдылық, инабаттылық жұмыс берушінің үйіне дәстүрлер мен ұстанымдарын бұзбай кіре білу мұның бәрін қазіргі заманғы бала күтушісі білуі және орындауы тиіс.

Тәрбие мен даму мәселелері бойынша ата-аналар мен күтушінің өз көзқарастары ұқсас болуы маңызды. Бала үшін ана мен күтуші деген ұғым өте жақын, сондықтан олардың тәрбиесіне деген көзқарастары әртүрлі болуы мүмкін емес. Бала бұл жағдайда кімнің дұрыс екенін түсінуі керек және бұл қиындық туғызады. Әр уақытта бір тарапты қабылдау баланың жағдайына өте зиянды әсер етеді.

Рөлдердің арасын ажыратуда ескеру қажет: ана-жұмыс беруші, бала күтуші-ассистент, көмекші. Соңғы сөз әрқашан бірінші кезекте болуы қажет. Бала күтушімен қарым - қатынаста қашықтық болуы тиіс.

Сонымен, ең алдымен қарым - қатынастар іскерлік сипатта болады. Бала күтушісі – өз міндеттері мен функциялары бар қызметкер. Бірақ мейірімді қарым-қатынас болуы керек.

Ата - аналар күтуші — баланың назарын аудару үшін ешқандай бәсекелес емес, отбасының көмекшісі екенін есте ұстауы керек. Баланың үйлесімді өсуі мен дамуы үшін ата-ана мен күтушінің қарым-қатынасы сенімді болуы керек. Бала өте сезімтал келеді.

Алдымен баламен бірге айналысуды қажет етеді. Балада өзінің анасы оны тастап кетті, күтуші ана ретінде әрекет етеді деген сезім дами бастайды. Бірақ өз пікіріңізбен мәселені шешу мүмкіндігіңіз бар.

### **Күтушіден не талап етуге болмайды:**

балаға деген шексіз сүйіспеншілікті талап ету дұрыс емес, оны жақсы көру ата-ананың міндеті, уақыт өте келе күтуші балаға жақын болады, бірақ одан оны талап етпеу;

өзінді тек қана осы жұмысқа арнауды;

үшінші тұлғаларға қызмет көрсету: көршілердің балалары, туыстары және т. б.

**7-Модуль. Балаларға күтім жасау, оларға өзіне-өзі қызмет көрсетуге көмек көрсету (20 сағат)**

#### **7.1 Балаларға күтім жасау, оларға өзіне-өзі қызмет көрсетуге көмек көрсету**

Ерте жастағы балалардың өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары Балалардың ерте жастан дамуы үшін олардың әлеуметтік дағдыларын және өз бетінше оқу дағдыларын дамытатын бағдарламада (ҚР БҒМ 2018 жылғы 5 желтоқсандағы № 668 бұйрығы) баяндалған.

Өзіне-өзі қызмет көрсету-бұл баланың мәдени-гигиеналық дағдыларды игеруі: тамақтану, шешіну және киіну, жуыну және қолды жуу, дәретхананы пайдалану дағдылары. Режимдік процестерді қайталау, балаға қойылатын талаптардың табандылығы дағдылардың беріктігін қамтамасыз етеді, тазалық пен ұқыптылық қажеттілігін, өзін-өзі күту дағдыларын қалыптастырады.

Бала өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастырған кезде, олар қоғамға оңай және тез бейімделеді. Әр жас кезеңінде өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмыстың өзіндік ерекшеліктері бар.

1 жастан 3 жасқа дейін балалардың дербестіккен деген ұмтылысын қолдау қажет. Осы жастағы балаларды тамақтанар алдында және ластанған кезде қолдарын жууға үйрету керек. 1 жастан кейін сұйық тағамды қасықпен, ал 1,6 айдан кейін сорпа ішкенде - майлықты қолдану. Баланың есеюіне қарай, тамақ алдында және ластануына қарай қолды жууға, жеке сүлгіні пайдалануға үйрету.

1 жас 7 айға қарай баланы ересектердің аздаған көмегімен киімді шешуге үйрету керек (бас киімді, шешілмеген етіктерді немесе аяқ киімді, рейтуздарды, шорттар мен колготкаларды шешу).

2 жасқа қарай ересектердің бақылауымен жеке әрекеттерді орындайды: аталған киім мен аяқ киімді белгілі бір тәртіппен шешіп, киеді. Ересектердің көмегімен қол орамалын қолданады, киімді, шашты тәртіпке келтіреді, киімді ұқыпты және белгілі бір ретпен бүктейді, аяқ киімді орнына қояды. Заттарды ұқыпты ұстауға үйрету. Бөлменің ұқыпты және таза жиналуына назар аударады.

Бұл жаста өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру әрекетті түсіндірумен бірге тікелей көрсетуден басталады. Мысалы, қолды жууға үйрете отырып, бала күтуші киімінің жеңдерін түріп, қолдарын сабындайды, сабынды жуады, қолдарын сүртеді, содан кейін ғана балаларды барлық әрекеттерді бірдей ретпен қайталауға шақырады. Сонымен қатар педагог «Су, су менің бетімді жу»: өлеңдерді, тақпақтар мен әндерді қолдана отырып, балаларда жақсы көңіл-күй қалыптастыруға тырысады.

2 жастан бастап балалар ересектердің көмегімен белгілі бір ретпен шешінуді үйренеді.

3 жастан бастап балаларда белгілі бір ретпен өз бетінше киіну және шешіну қабілеттерін дамыту қажет. Ұқыптылықты, киімдегі олқылықты байқай білуді және оны ересектердің аздаған көмегімен болдырмауға тәрбиелеу.

Ойын әдістері шешуші рөл атқарады. Олар ересектерге балаға белсенді әсер етуге көмектеседі. Тіпті кішігірім жетістіктерге де оң баға беру оның қуаныш сезімін, өзіне деген сенімділікті тудырады. Бұл әсіресе ұялшақ, жасқаншақ балалармен қарым-қатынаста өте маңызды.

4 жастан асқан балаларда өз бетінше киіну және шешіну қабілетін жетілдіру қажет. Киімді мұқият бүктеп, іліп қоюды, ересек адамның көмегімен ретке келтіруді, әрдайым ұқыпты және таза болуды үйрету керек. Сонымен қатар жұмыс орнын дербес дайындау және оны сурет салу, мүсіндеу, жапсыру – жұмыстары аяқталғаннан кейін жинау (банкаларды, щеткаларды жуу, үстелді сүрту және т.б.).

5 жастан бастап балалар тістерін щеткамен дұрыс тазалауға, жуынуға, қажет болған жағдайда қолдарын жуу әдетіне үйрету. Аландамай киіну және шешіну дағдысын жетілдіруді жалғастыру, киімді шкафқа ұқыпты салу, дымқыл заттарды кептіру, ескертусіз аяқ киімге күтім жасау (жуу, сүрту, тазалау, орнына жинау).

Осы жас кезеңінде жеке заттарына және ағаларының, әпкелерінің заттарына ұқыпты қарау әдетін қалыптастыру қажет. Бір-біріне көмектесуге деген ұмтылысын дамыту маңызды.

Баланың дағдыларды саналы түрде орындайтындығына ерекше назар аудару керек (тістерін тазалау, тамақтанғаннан кейін аузын шаю және т.б. қажеттігін түсіну); өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша еңбек әрекеттерін ұқыпсыз орындау зиянды салдарға әкелетінін көру (аяқ киімді тазаламадым – олар ұқыпсыз көрініске ие және т. б.).

## МАЗМҰНЫ

1	Түсіндірме жазба	3
2	2-тарау «Әлеуметтік күтуші» қысқа мерзімді курсының оқу-тақырыптық жоспары	5
3	3-тарау Модульдердің мазмұны 1-Модуль. Мамандыққа кіріспе	9
4	2-Модуль. Кәсіби қайта даярлау бағдарламасының нормативтік құқықтық негізі	10
5	3-Модуль. «Әлеуметтік күтуші- ананың көмекшісі»	11
6	4 -Модуль. Бала психологиясы	13
7	5-Модуль. Балалардың зияткерлік және дене бітімінің дамуына арналған ойындар мен сабақтар	19
8	6-Модуль. Отбасына бейімделу. Қарым-қатынас шеберлігі (18 сағат)	21
9	7-Модуль. Балаларға күтім жасау, оларға өзіне-өзі қызмет көрсетуге көмек көрсету	22



*Разработаны на базе Республиканского центра «Дошкольное детство» Министерства образования и науки Республики Казахстан*

Образовательная программа краткосрочного курса «Социальная няня»  
– Нур-Султан 2021 г. – 48с.

**Рецензенты:**

С. А. Байжанова, к.п.н.

Г.С. Биртаева, заведующая

К. Ж. Байдаулетова, методист

Образовательная программа краткосрочного курса «Социальная няня» разработана для молодых родителей, выпускников педагогических ВУЗов, олимпиад для лиц, желающих работать в качестве домашнего воспитателя. Образовательная программа краткосрочного курса «Социальная няня» рассмотрена и рекомендована Научно-методическим советом Республиканского центра «Дошкольное детство» МОН РК (протокол № 4 от «28» апреля 2021 г.)

## ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА

Актуальность данной проблемы заключается в отсутствии в стране института подготовки такого специалиста как «социальная няня» для детей дошкольного возраста. Прохождение специального курса подготовки «социальной няни» даст необходимые знания, навыки и умения, которые позволят эффективно работать в любой семье.

Социальная няня – это помощник, который берет на себя кратковременную заботу о детях в семьях, которые нуждаются в квалифицированной помощи в воспитании детей. Они могут оказывать педагогическую помощь, проводить с детьми несколько часов, пока их родителям нужно сделать какие-то дела, или отвести погулять, если родители болеют. В свою очередь, «социальная няня» будет размещена в штате дошкольной организации, с учетом потребности населения на получение услуги домашнего воспитателя на дому и будет направлена в семьи, заявившим о потребности в данной услуге.

Такой подход важен не только в деле воспитания детей, а также обеспечивает женскую занятость, увеличение бюджета семьи, снижение риска бедности.

**Цель курса:** - формирование у слушателей профессиональных компетенций в воспитании детей дошкольного возраста на дому.

### **Задачи:**

- оказание практической помощи семьям в развитии и воспитании детей малоимущих граждан, неполных и многодетных семей;
- расширение охвата социальным обслуживанием детей, не интегрированных в социум;
